

**«БЕКІТІЛДІ»**

**«№2 Атырау облыстық ауруханасы»**

**ШЖК МКМ-нің директоры**

**Н.А.Ергалиева**

**« 05 » 05 наурыз 2023 ж**



**Корпоративтік әдеп және  
мінез - құлық кодексі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы корпоративтік әдеп және мінез - құлық кодексі (бұдан әрі-кодекс) іскерлік мінез-құлық пен корпоративтік басқарудың танылған стандарттарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, ұйымның ішкі құжаттарына, оның ішінде корпоративтік басқару кодексіне сәйкес әзірленді.

Кодекс ұйымның және оның қызметкерлерінің іскерлік мінез-құлқының маңызды ережелерінің, корпоратившілік қатынастардың этикалық нормаларының, әр қызметкердің әлеуметтік жауапкершілігінің жиынтығы болып табылады.

Кодекс корпоративтік құндылықтарды анықтауға арналған, олардың орындалуы ұйымның және оның қызметкерлерінің іскерлік мінез-құлқыты анықтайтын және ұйымның беделін, оның бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін қалыптастыратын негізгі этикалық принциптерге адалдығын көрсетеді.

**2. Кодекс мыналарға бағытталған:**

1) стратегиялық маңызды шешімдер қабылдау кезінде де, құнделікті жағдайларда да ұйым қызметкерлері өз қызметінде басшылыққа алатын іскерлік әдеп пен мінез-құлқытың түйінді құндылықтарын, қағидаттарын, қағидалары мен нормаларын бекіту;

2) жоғары этикалық стандарттарға негізделген бірынғай корпоративтік мәдениетті дамыту, ұжымда сенім, өзара құрмет және әдептілік ахуалын сақтау;

3) атқаратын лауазымына қарамастан барлық қызметкерлер ұйымда қабылдаған Искерлік әдеп нормаларын біркелкі түсіну және орындау;

4) жұртшылық тарапынан ұйымға деген сенімді арттыру және сақтау және беделін нығайту болып табылады.

3. Ұйым басшылары осы Кодекс талаптарының орындалуын және осы Кодектің мәтінін ұйым ғимаратында жалпыға бірдей көруге болатын орындарда орналастыруды қамтамасыз етеді.

4. Кодектің ережелері атқаратын лауазымына қарамастан ұйым қызметкерлеріне қолданылады. Ұйымның қызметкери ұйымға жұмысқа қабылданғаннан кейін үш күн мерзімде осы Кодектің мәтінімен жазбаша нысанда танысуға тиіс.

**2. Корпоративтік этиканың құндылықтары мен принциптері**

5. Ұйымның қызметі қалыптастырын негізгі корпоративтік күнліпіктар

табылады.

6. Ұйым келесі корпоративтік принциптерді басшылыққа алады
- 1) заңдылық;
- 2) жауапкершілік;
- 3) құпиялылық;
- 4) құзыреттілік және кәсібілік;
- 5) көрсетілетін қызметті алушылардың сенімін сақтау және нығайту;
- 6) ашықтық;
- 7) құрмет;
- 8) патриотизм.

Ұйым өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтайды.

Ұйым Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында, шарттық қатынастарда белгіленген қабылданған міндеттемелер бойынша жауапты болады. Ұйым мемлекет пен азаматтық қоғам алдындағы өзінің әлеуметтік жауапкершілігін туғындағынан.

Ұйым қызметтік ақпарат пен дербес деректердің сақталуын қамтамасыз етеді, оларды қорғау жөнінде заңнамаға және ұйымның ішкі құқықтық құжаттарына сәйкес шаралар қабылдайды.

Ұйым өз қызметін адалдық, әділдік, әдептілік негізінде жүзеге асыра отырып, іскерлік айналымның этикалық қағидаттары мен әдет-ғұрыптарын сақтай отырып, өзіне алған міндеттемелерді адал және ақылмен орындайды және көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз етеді. Ұйым, мұдделі тараптармен өзара іс-қимыл, іскерлік беделді нығайтуға ұмтылады.

Ұйым қызметтің жетістіктері мен нәтижелеріндегі ақпараттың барынша ашықтығы мен сенімділігіне ұмтылады.

Ақпаратты ашу (Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қорғалуға жататын мәліметтерді қамтитын ақпаратты қоспағанда) қолайлы имидж мен ұйымның он іскерлік беделін құруды қамтамасыз етуге арналған.

Ұйым кездесулерге, талқылауларға және диалогқа ашық, өзара мұдделерді есепке алуға, ұйым мен мұдделі тұлғалардың мұдделері арасындағы құқықтар мен тереңдікті сақтауға негізделген мұдделі тұлғалармен ұзақ мерзімді ынтымактастықты құруға ұмтылады.

7. Ұйым қызметкерлері барлық қажетті біліктілік талаптарына сай болуы, өз құзыретінің деңгейін арттыруы, салмақты және жауапты шешімдер қабылдау кабілетіне ие болуы, сондай-ақ өздерінің кәсіби және жеке қасиеттерінің өсуі мен дамуына бағытталуы тиіс.

Ұйым қажетті еңбек жағдайларын қамтамасыз ете отырып, жеке және кәсіби дамуға мүмкіндік бере отырып, өз қызметкерлерінің кәсібілігін арттыруға тырысады.

Ұйым меритократия, әділеттілік және обьективтілік принциптерін қолдайды және қызметкерлердің ұйым қызметіне қосқан үлесін жоғары бағалайды. Ұйымның қызметкерлері тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, үлттына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына,

Ұйымға мемлекет тарапынан жүктелген жоғары сенім және оның әлеуметтік жауапкершілігі патриотизм сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Ұйымда нақты құрылған жұмыс қатынастары бар. Әр қызметкер өзінің жұмыс участесіне жауап береді және жалпы нәтиже оны қалай орындастының байланысты. Барлық жұмысшылар бір-біріне тығыз байланысты, сондықтан бір адамның дағдыларындағы кемшіліктер жалпы командалық Дағдылар мен күш-жігердің орнын толтыруы мүмкін. Ұйым қызметкерлері өз жұмыстарын ынтымақтастық, өзара көмек, өзара алмастырушылық және жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін Қолдау қағидаттарына негіздейді.

### 3. Корпоративті этика

8. Ұйым үшін басымдықтардың бірі Қазақстан Республикасының заңнамасын, ұйымның Жарғысын және ішкі құқықтық құжаттарын қатаң сақтау болып табылады.

Құқық бұзушылық жасаған қызметкер белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылуға жатады.

9. Мемлекеттік органдармен және өзге де тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде ұйым өз жұмысы туралы акпараттың ашықтығы қағидатын ұстанады, мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен тұрақты, сындарлы қарым-қатынастарды құруға және қолдауға ұмтылады.

10. Ұйымның басшылығы белгіленген тәртіппен оның қызметіне қатысты мәліметтерді бұқаралық акпарат құралдарына ұсынады.

Мәліметтерді белгіленген тәртіппен бұқаралық акпарат құралдарымен ұсынатын ұйымның қызметкерлері олардың дұрыстығына және оларда қызметтік және коммерциялық қупияны құрайтын мәліметтердің, сондай-ақ қупия сипаттағы мәліметтердің болмауына дербес жауапты болады.

Әрбір қызметкер ұйымның қызметкері ретінде айткан кез-келген пікірі немесе жалпы акпарат ұйымның өзіне, оның имиджіне тікелей байланысты екенін және оның беделіне әсер ететінін түсінуі және әрдайым есте ұстауды керек.

### 4. Ұйым қызметкерлерінің мінезд-құлқының жалпы ережелері

11. Ұйым қызметкерлері:

1) заңдылық қағидатын, Конституцияның, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, ұйымның ішкі құжаттарының талаптарын басшылыққа алуға;

2) ұйымның меншігінің сақталуын қамтамасыз етуге, автокөлік құралдарын қоса алғанда, сеніп тапсырылған мүлікті ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта пайдалануға;

3) жеке және занды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен занды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге, өтініштерді қарau кезінде бюрократия мен әуре-сарсан көріністеріне жол бермеуге, өтініштер бойынша белгіленген мерзімдерде қажетті шаралар қолдануға;

4) өз іс-әрекеттерімен жүртшылық тарапынан сынға себеп бермеуге, сын үшін қудалауға жол бермеуге, кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалануға;

5) көрсетілетін қызметті алушылармен және әріптестермен қарым-

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қараудың үлгісі болуға;

7) мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

8) тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мұліктік жағдайына, жынысына, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне қарамастан әріптестерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

9) енбек тәртібін мұлтіксіз сактау, өзінің лауазымдық міндеттерін адал, бейтарап және сапалы орындау, жұмыс уақытын ұтымды пайдалану;

10) қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға, қойылған міндеттерді шешудің онтайлы және үнемді тәсілдерін қолдануға;

11) қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауына кедергі келтіретін әрекеттерге қарсы тұруға.

12. Басшылық пен бағынысты қызметкерлер арасында сындарлы кәсіби қарым-қатынас құру үйымның күнделікті тиімді жұмысы және оның болашақ дамуы үшін қажет.

Басшыларға іскерлік этикеттің келесі нормалары мен ережелерін сактау ұсынылады:

1) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке берілгендей белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеуге;

2) бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін дәл айқындауға, анық орындалмайтын өкімдер бермеуге, бағынысты қызметкерлерден олардың лауазымдық міндеттерінен тыс тапсырмаларды орындауды талап етпеуге;

3) бағынысты қызметкерлерге қатысты негіzsіз айыптауларға, дөрекілік, адамның қадір-қасиетін корлау, әдепсіздік фактілеріне жол бермеуге;

4) бағынысты қызметкерлерді жалпыға бірдей қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келмейтін құқыққа қайшы теріс қылыштар немесе іс-әрекеттер жасауға мәжбүрлемеуге;

5) кәсіптік даярлықтың қажетті деңгейіне ие болуға, оның ішінде орындалуы бағынысты қызметкерлердің функционалдық міндеттеріне жатқызылған мәселелер бойынша;

6) ұжымда іскерлік өзара қарым-қатынастар мен сындарлы ынтымақтастықты орнатуға және нығайтуға ықпал етуге, қызметкерлердің корпоративтік әдеп нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеуге және жолын кесуғе, жаман сөз айтпауға, ұстамдылық пен агрессия көрсетпеуге, дұрыс емес мінез-құлыққа жол бермеуге, әріптестеріне көмектесуге, олармен білімі мен тәжірибесімен бөлісуге;

7) басқа қызметкерлерге қатысты өз әрекеттерімен немесе сөздерімен қудалауға, қорқытуға не корлау жасауға жол бермеуге;

8) жұмыс орнында және үйим аумағында алкогольдік ішімдіктер мен темекі өнімдерін пайдалануға жол бермеуге;

9) қызметкерлерді басқа қызметкерлердің қатысуымен сынамауға,

13. Төмен тұрған лауазымдарды атқаратын үйымның қызметкерлері:

- 1) басшылардың тапсырмаларын орындау кезінде тек объективті және анық мәліметтерді ұсынуға міндettі;
- 2) өздеріне белгілі болған корпоративтік әдеп нормаларын бұзу жағдайлары және үйым қызметкерлерінің беделін түсіретін тәртіптік теріс қылықтар туралы басшылықтың назарына дереу жеткізуге міндettі;
- 3) үйым басшыларының заңды тапсырмаларын орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге;
- 4) үйымның басшылығына қатысты жеке адалдық, олардың лауазымдық мүмкіндіктері есебінен пайда мен артықшылықтар алуға ұмтылу көріністеріне жол бермеуге міндettі.

14. Қызметкерлер корпоративтік этиканы, ресми мінездіктерге ережелерін сақтауы керек.

15. Қызметкерлер қызметтік жағдайын және онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес үйымдардың мүддесі үшін, оның ішінде оларға деген көзқарасын насиҳаттау үшін пайдаланбауға тиіс.

16. Үйымның басшы лауазымдарын атқаратын қызметкерлер бағынысты қызметкерлерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес үйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлей алмайды.

## 5. Корпоративтік мәдениет

17. Үйимның корпоративтік мәдениеті - қалыптасатын және ынталандыратын жоспарланған және үйымдастырылған процесс. Корпоративтік мәдениетті нығайту үйым қызметкерлерінің қоғамдастық сезімін, үйимға қатыстылығын, жұмыстағы адалдық пен сенімділікті тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар мен корпоративтік құндылықтарды белгілеу арқылы жүзеге асырылады.

Корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және оны үйим қызметкерлерінің сақтауы қафидаттарға негізделеді:

- 1) қызметкерлердің пікірлеріне зерттеулер жүргізу;
- 2) қызметкерлердің үйимның басқару органдарының басшылығымен және мүшелерімен тұрақты кездесулері;
- 3) үйим қызметкерінің мінездіктерін регламенттейтін корпоративтік құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды қалыптастыру және насиҳаттау;
- 4) үйим үжымындағы командалық жұмысты, қолайлы және шығармашылық атмосфераны күшеттетін үйимдастыру іс-шараларын өткізу;
- 5) еңбек үжымындағы оң әлеуметтік - психологиялық ахуалға ықпал ететін үйим ішінде де, одан тыс жерлерде де оң имидж құруға бағытталған.

18. Корпоративтік мәдениет тиімділігінің негізгі көрсеткіші қызметкерлердің үйимдағы моральдық-психологиялық ахуалға қанағаттануы болып табылады.

19. Үйим қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде киім, аяқ киім және шаш үлгісін таңдауда іскерлік стильді ұстануы керек.

20. Үйимның қызметкерлері өздерінің жеке басын растау үшін, оның ішінде Халыққа қызмет көрсету кезінде міндettі түрде тегі, аты, қалауы бойынша әкесінің аты сонлай-яқ атқаратын пачазымы көрсетілген фотосуреті бар бейлж таяғалы

тыныш, сыпайы түрде жүргізілуі керек. Қызметкерлердің келіссөздер жүргізу қабілеті, сонын ішінде телефонмен сойлесу, тұтастай алғанда ұйым туралы жағымды әсер қалдыруға ықпал етеді.

22. Жиналыстар кезінде ұялы телефондарды өшіру немесе оларды үнсіз режимге орнату қажет.

## 6. Ұйым қызметкерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы

23. Қызметкерлер сыйбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға не сыйбайлас жемқорлықпен ұштасатын немесе сыйбайлас жемқорлық үшін жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеуге тиіс. Қызметкерлер коғамның басқа қызметкерлері тарапынан сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілерінің жолын кесуге тиіс.

24. Егер ұйым қызметкерінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы дұрыс ақпарат болса, ол мұндай құқық бұзушылықтың алдын алу үшін қажетті шараларды қабылдауы керек.

Қажетті шараларға ұйымның тікелей басшысын және/немесе басшылығын хабардар ету жатады.

Сыйбайлас жемқорлық немесе өзге де құқық бұзушылық туралы ақпарат алғаннан кейін ұйым басшылығы олар бойынша, оның ішінде, егер оның әрекеттерінде заңнаманы бұзушылықтар болмаса, ұйым қызметкерінің одан әрі қызметтік қызметіне, оның құқықтары мен заңды мұдделеріне теріс әсер ететін зансыз қудалаудан қорғау жөнінде тиісті шаралар қабылдайды.

25. Ұйым қызметкерлері өздерінің іс-әрекеттері мен шешімдерімен жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мұдделерін іске асыруын қыннадататын әкімшілік және өзге де кедергілерге жол бермеуге тиіс. Мұндай фактілер анықталған жағдайда, қызметкерлер оларды жою бойынша шаралар қабылдауы керек.

26. Кәсіптік, қызметтік қажеттілікке, сондай-ақ еңбек катынастарына байланысты қолжетімділігі шектеулі дербес деректер белгілі болған ұйымның қызметкерлері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әрекет етуге тиіс.

27. Ұйым қызметкерлері ұйымға қандай да бір залалдың алдын алу бойынша барлық мүмкіндіктерді пайдалануы, іс-шаралардың жеке мұдделері мен үшінші тұлғалардың мұдделеріне бастамашылық жасауына жол бермеуі тиіс.

28. Ұйым қызметкерлері өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін пайдаланбауы керек.

29. Ұйым қызметкерлері мұдделер қақтығысын болдырмау үшін шаралар қабылдауы керек.

30. Мұдделер қақтығысы туындаған кезде, яғни ұйым қызметкерінің жеке мұдделілігі мен оның өзінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындауы немесе жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мұдделері арасында осы заңды мұдделерге зиян келтіруге әкеп соғуы мүмкін қайшылық туындаған жағдайда, қызметкер оны болғызбау және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

## **7. Корпоративтік этика нормалары**

31. Ұйымның басшылығы мен қызметкерлері мүдделер қақтығысын болдырмай, ұйымның мүддесі үшін кәсіби функцияларды адал және ақылмен орындау міндеттерін өз мойнына алады.

32. Өзара қарым-қатынас жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, ұйымның жарғысына және өзге де ішкі құқықтық құжаттарына сәйкес қағидаттарға негізделген.

33. Ұйым жеке және занды тұлғалардың өтініштерін уақтылы және толық карауға кепілдік береді.

34. Ұйымның басшылығы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін корпоративтік этиканың негіз қалаушы құндылықтары мен қағидаттарын ескере отырып шешімдер қабылдайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес алдына қойылған міндеттерді іске асыруға жауапты болады.

35. Ұйымның басшылығы мен қызметкерлері жұмысқа деген көзқарасы мен мінез—құлқымен ұжымда тұрақты және жағымды жағдай, салауатты моральдық-психологиялық атмосфера құруға ықпал етуі керек.

36. Ұйымның басшылығы, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары осы Кодектің талаптарына сәйкес келетін басқару шешімдерін қабылдауы тиіс, осы Кодектің ережелеріне адалдығын жеке мысалмен көрсетуге, консультациялар мен тәлімгерлікке уақыт бөлуге ұмтылуға тиіс.

37. Ұйым басшылары қызметкерлерге корпоративтік этика нормалары мен ережелерін жақсы менгерудің үлгісін көрсетуі, бағыныштылар алдында өз қателіктерін мойындан білуі және өз атына сындарлы сын айтқаны үшін оларды қудаламауы тиіс.

## **8. Көпшілік алдында сөйлеу**

38. Ұйым қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді бірінші басшы не уәкілетті адамдар жүзеге асырады.

39. Ұйым қызметкерлері пікірталастарды оның беделіне нұқсан келтірмesten дұрыс жүргізуі керек.

40. Ұйым қызметкерлері оның қызметі мәселелері бойынша өз пікірін, егер ол:

- 1) ұйым қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес келмейді;
- 2) жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашады;
- 3) ұйымның лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне қатысты этикаға жат сөздерден тұрады.

41. Қызметкерлердің ұйымның атынан оның қызметіне байланысты емес мәселелер бойынша жариялауына жол берілмейді. Педагогикалық, ғылыми және өзге де шығармашылық қызмет бойынша материалдарды жариялауды ұйым қызметкөрі жеке тұлға ретінде өз атынан ғана жүзеге асыра алады.

42. Ұйым қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлық, кірістер мен мүлікті заңсыз алушмен айналысқаны үшін негіzsіз жария айып тағылған кезде, ол мұндай айыптау анықталған күннен бастап оны теріске шығару жөнінде, оның ішінде сот тәртібімен

## **8. Қорытынды**

43. Осы Кодекстің нормаларын сақтау үйымның барлық қызметкерлері үшін міндепті болып табылады. Осы Кодекске сәйкес әдеп нормаларын бұзудың барлық фактілері Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданыстағы нормаларына және үйымның ішкі құжаттарына сәйкес қаралуға тиіс.

44. Үйим қызметкерінің осы Кодекстің ережелерін білмеуі оны бекітілген үйымдардың корпоративтік нормалар мен мінез-құлық қағидаларын орындау және оларды бұзған жағдайларда жауптылықта болу міндептінен босатпайды.

## **«БЕКІТІЛДІ»**

**«№2 Атырау облыстық аурұханасы»  
ШЖК МКМ-нің директоры**

**Н.А.Ергалиева**

**«\_\_\_» 2023 ж**

### **Мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі саясат**

#### **1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер**

Лауазымды адамдар мен қызметкерлер арасындағы мұдделерінің қақтығыстарын болдырмау және реттеу жөніндегі осы Саясат «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Занға сәйкес әзірленді.

Осы Саясат мұдделер қақтығысын болдырмау мақсатында әзірленді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың түйінді тетіктерінің бірі болып табылады. Мұдделер қақтығысна байланысты елеулі бұзушылықтар іскерлік беделіне нұқсан келтіруі және барлық мұдделі тараптардың оған деген сеніміне нұқсан келтіруі мүмкін. Лауазымды адамның немесе қызметкердің жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық, функционалдық міндеттерін қоғамның турашылдығы, адалдығы және мұдделерін қорғау қағидаттары негізінде орындаудына ықпал етпеуге тиіс.

Осы Саясат мұдделер қақтығысы жағдайларын, олардың алдын алу және реттеу жөніндегі шараларды, сондай-ақ мұдделер қақтығысын басқару процесіне барлық қатысушылардың жауапкершілігін айқындауды.

Бизнес-серіктестермен, контрагенттермен және үшінші тұлғалармен қатынастарда фидуциарлық қатынастар орнатуға және сақтауға сенеді, бұл қатынастар кезінде тараптар бір-біріне қатысты барынша адал және әділ әрекет етуге, сондай-ақ мұдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және болдырмау жөнінде түбекейлі шаралар қолдануға міндетті.

#### **2. Қолдану саласы**

Осы саясат қоғамның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің танысусы және оны мұлтіксіз сақтауы үшін міндетті болып табылады.

Осы Саясат еншілес ұйымдарының әдеп және мінез-құлық Кодексімен және белгіленген тәртіппен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен біріктірілген түрде қолданылады.

Осы Саясат корпоративтік веб-сайтында орналастырылуға жатады.

#### **3. Терминдер мен анықтамалар**

Осы саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) Әкімшілік – шаруашылық функциялар үйім балансындағы мұлікті басқару және оған билік ету Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

2) жақын туыстар ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-әже, немерелер;

3) лауазымды адам үйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды тұрақты немесе уақытша орындастын адам;

4) мұдделер қақтығысы-лауазымды адамдар мен қызметкерлердің жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындаудына және (немесе) тиісінше орындаудына әкеп соғуы мүмкін;

5) жеке мұдделер - жеке мұліктік пайдалар немесе үйымның ішкі құжаттарында белгіленген жалақы мен басқа да төлемдерді алушмен байланысты емес, үйымнан жеке пайда алуға мұдделілік;

6) үйымдастырушылық-өкімдік функциялар – қызметі бойынша бағынысты адамдардың орындауды үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығаруға, сондай-ақ бағынысты адамдарға қатысты көтермелеген шараларын және тәртіптік жазалар қолдануға Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен берілген құқық;

7) қызметкер - еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлға;

8) жекжаттар-жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары және балалары;

Осы Саясатта қолданылатын, бірақ айқындалмаған терминдер олар Қазақстан Республикасының заңнамасында және үйымның ішкі құжаттарында пайдаланылатын мағынада пайдаланылады.

#### **4. Мұдделер қақтығысын басқарудың негізгі принциптері**

Мұдделер қақтығысын басқаруды (болдырмау және реттеу) мұдделер қақтығысын басқарудың мынадай түйінді қағидаттары негізінде жүзеге асырады:

1) заңдылық қағидаты - осы Саясаттың Қазақстан Республикасының заңнамасына және үйымның ішкі құжаттарына сәйкестігі;

2) мұдделерді қорғау қағидаты - үйім мұдделерін қорғау - жеке бас қалаудың қарай емес, тек Қазақстан Республикасының заңнамасы мен үйымның ішкі құжаттарына сүйене отырып шешім қабылдауда міндетті әрбір лауазымды тұлға мен қызметкердің борышы;

3) ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету қағидаты-жеке мұдделерді ашық декларациялау және үйғарылған рәсімдер шеңберінде лауазымдық міндеттерді орындау мұдделер қақтығысын болғызыбауда немесе реттеуге ықпал ететін ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етудің негізін құрайды;

4) обьективтілік және жеке қарау қағидаты - мұдделер қақтығысының әрбір жағдайы ықтимал тәуекелдерді бағалай отырып, жеке тәртіппен қаралуға

және уақтылы реттелуге тиіс. Шенеуніктер мен жұмысшылар мұдделер қақтығысының нақты жағдайын бұрмалайтын кез-келген субъективтілікті, оның ішінде жеке және басқа мұдделер мен әртүрлі факторлардың мұдделер қақтығысын зерттеу процесі мен нәтижелеріне әсерін азайтуға тырысуы керек;

5) құпиялышық қағидаты - құпиялышықты қатаң сақтау: мұдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу процесі мен мұдделер қақтығысын одан әрі реттеу процесінен бастап қорытындыларды шығару және қаралатын жағдай бойынша түпкілікті шешім қабылдау кезеңіне дейін;

6) тартылу қағидаты - лауазымды адамдар мен қызметкерлердің сыйбайлар жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері туралы хабардар болуы және олардың сыйбайлар жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді, оның ішінде мұдделер қақтығысының профилактикасы, анықтау және реттеу саласындағы рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуы;

7) төзбеушілік және ішкі Мәдениет қағидаты - мәдениетті және өзінің жұмыс ортасында мұдделер қақтығысының туындауына төзбеушіліктің жоғары дәрежесін қалыптастырады. Лауазымды адамдар мен қызметкерлердің ықтимал мұдделер қақтығысын ашуы және осы Саясаттың ережелерін түсінуге бағытталған ашық қарым-қатынастың ішкі мәдениетін дамытады;

8) жеке мысал қағидаты - жоғары басшылық пен лауазымды тұлғалар өз іс-әрекеттерімен парасаттылық пен этикалық мінез-құлықтың жеке үлгісі болып табылады, кәсіпқойлыққа бейілділікті көрсетеді және осы саясаттың талаптарын мұлтіксіз орындауды;

9) жеке жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы қағидаты - мұдделер қақтығысы фактісіне жол берген лауазымды тұлғаның немесе қызметкердің тікелей басшысы мұдделер қақтығысын уақтылы анықтамағаны және ашпағаны, сондай-ақ тиісінше реттемегені үшін дербес жауапты болады. Барлық лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер жеке мұдделер мен ұйым мұдделері арасындағы тепе-тендікті сақтау үшін жеке жауап береді, сондай-ақ міндеттерді/лауазымдық міндеттерді орындау кезінде өздерінің жеке мұдделерін декларациялау және сәйкестендіру үшін жауап беруі тиіс.

## 5. Мұдделер қақтығысы жағдайлары

Осы Саясаттың мақсаттары үшін мұдделер қақтығысына әкелетін жағдайларға келесі жағдайлар жатады:

1) лауазымды адам немесе қызметкер өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқарады;

2) лауазымды адам, қызметкер немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары ұйыммен байланысты мәмілелерде, жобаларда кез келген коммерциялық немесе өзге де мұдделілік (тікелей немесе жанама) болса немесе болуы мүмкін;

3) лауазымды адам, қызметкер немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары қызметтер көрсету, Жобаны іске асыру немесе үшінші тараппен мәміле жасасу бөлігінде ұйыммен бәсекелесетін ұйымның

Үлестес тұлғасы, тәуелсіз директоры немесе жұмыскері болып табылады;

4) лауазымды адам, қызметкер немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары үйиммен байланысты жобада немесе мәміледе тарап болып табылса;

5) лауазымды адам, қызметкер немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары үйиммен байланысты жобада немесе мәміледе тарап болып табылатын үйимның аффилиирленген тұлғасы болып табылады;

6) лауазымды адам немесе қызметкер өз міндеттерін/лауазымдық міндеттерін орындаудың байланысты өзіне белгілі болған қупия ақпаратты немесе ашылуы үйим мұдделеріне теріс әсер етуі мүмкін кез келген басқа да ақпаратты, сондай-ақ лауазымды адамның, қызметкердің немесе олардың жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының), жекжаттарының үйим мұдделеріне байланысты қупия ақпаратты кез келген пайдалануын ашады; үйиммен, жеке пайда алу үшін;

7) лауазымды адам немесе қызметкер оның жұмысын бағалау, қайта тағайындау (қайта сайлау), сыйақы төлеу мәселелері немесе өзіне қатысты өзге де мәселелер бойынша талқылауға немесе шешім қабылдауға қатысады;

8) лауазымды адам немесе қызметкер өзінің лауазымдық міндеттерін жеке пайда алу мақсатында пайдалануға мүмкіндік беретін атқарушылық және бақылау функцияларын қоса атқарады.

Осы саясатта санамаланған мұдделер қақтығысы жағдайлары толық болып табылмайды. Мұдделер қақтығысының болуын анықтау үшін лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер осы Саясатта келтірілген мұдделер қақтығысы terminiн басшылыққа алыу тиіс.

Егер лауазымды тұлғада немесе қызметкерде мұдделер қақтығысының болуына күмән туындаса, ол Комплаенс қызметімен кеңесіп, туындаған мәселені шешу үшін өзінің тікелей басшысына қажетті толық ақпаратты ұсынуы керек.

## 6. Мұдделер қақтығысын ашу (декларациялау) тәртібі

Лауазымды адамдар мен қызметкерлердің мұдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашуы мұдделер қақтығысының болу не туындау фактілерін егжей-тегжейлі негіздей және құжаттамалық растай отырып, дереу жазбаша түрде жүзеге асырылады.

Мұдделер қақтығысын ашудың (декларациялаудың) мынадай тәртібі белгіленеді:

1) жұмысқа қабылдау кезінде мұдделер қақтығысы туралы мәліметтерді бастапқы ашу;

2) жоғары тұрған лауазымға, басқа құрылымдық бөлімшеге ауысқан кезде, функционалы өзгерген кезде мұдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу;

3) іске асыру немесе орындау кезінде мұдделер қақтығысы үшін жағдай жасау ықтималдығы неғұрлым жоғары Бизнес-процестерде іскерлік операцияларында сыйбайлас жемқорлық тәуекелінің жоғары деңгейіне байланысты мұдделер қақтығысын жыл сайын ашу;

4) жеке мұдделіліктің болуы мұдделер қақтығысының туындауына әкеп соғуы мүмкін не әкеп соғуы мүмкін болған кезде осы Саясаттың 10-тармағында санамаланған жағдайлардың туындауына қарай мәліметтерді біржолғы ашу. Біржолғы ашу осы Саясатқа қосымшада келтірілген хабарламаны толтыру арқылы жүзеге асырылады.

Басшылық лауазымына қабылданған жағдайда кандидаттардың тікелей немесе ықтимал мұдделер қақтығысының болуы туралы мәліметтерді ашу процесі Жоғары тұрган ұйыммен регламенттеледі.

Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің мұдделер қақтығысын жыл сайын ашуы Комплаенс-қызмет жыл сайынғы негізде жүргізетін бизнес - процестеріндегі/іскерлік операцияларындағы сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері жоғары аймақтағы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер Комплаенс-қызметтің сұрау салуы бойынша Персоналды басқару саласындағы ішкі құжаттарында көзделген нысан бойынша мұдделер қақтығысы декларациясын толтырады. Толтырылған декларацияны комплаенс-қызмет ықтимал мұдделер қақтығысының болуы/болмауы және тиісті ұсынымдарды дайындау тұрғысынан талдайды.

Лауазымды адамдардың және қызметкерлердің тікелей немесе ықтимал мұдделер қақтығысының болуы туралы мәліметтерді жасыру және/немесе уақтылы, толық ашпау сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау себептері мен шарттары болып табылады.

## 7. Мұдделер қақтығысының алдын алу

Мұдделер қақтығысын болдырмау мақсатында жауапты құрылымдық бөлімшелері:

1) жұмысқа қабылдау, лауазымын жоғарылату немесе лауазымдық міндеттерін өзгерту кезінде - тікелей басшымен не байланысты функцияларды орындайтын адаммен тікелей туыстық қатынастағы қызметкерлерді лауазымдарға тағайындаудан аулақ болуға тиіс;

2) сатып алу рәсімдерін жүргізу және олармен шарттық қатынастарды ресімдеу кезеңдерінде контрагенттерін тексеру кезінде лауазымды адамдармен және қызметкерлермен, олардың жақын туыстарымен, жұбайларымен, сондай-ақ жекжаттарымен үлестес болу белгілерінің болуы тұрғысынан олардың құрылтайшылары мен басшыларының құрамын зерделеуді жүзеге асыруға міндетті;

3) лауазымды адамдар мен қызметкерлердің, оның ішінде өзінің қызмет бабын заңсыз пайдалану нәтижесінде материалдық пайда түрінде қосымша табыс алатын қызметкерлердің құқыққа қайши жосықсыз немесе құзыретсіз қызметін анықтауға және жолын кесуге бағытталған алдын алу-профилактикалық іс-шаралар мен қызметтік тексерулер жүргізуге міндетті;

4) жұмысқа қабылдау кезінде әрбір лауазымды тұлға мен жұмыскерді осы Саясатпен таныстыруды қамтамасыз етуге міндетті;

- 5) лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге осы Саясаттың ережелерін жеткізуге бағытталған тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізуге міндетті;
- 6) аффилиренген тұлғалар, инсайдерлер туралы ақпараттың есебін жүргізуге міндетті;
- 7) құпия ақпараттың, сондай-ақ лауазымды адамдар мен қызметкерлердің дербес деректерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

## **8. Лауазымды адамдар мен қызметкерлердің мұдделер қақтығысының туындауын болғызыбау жөніндегі міндеттері**

